

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Серке»-Ұлт Санасының Ұшқыны

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/166026/

XIX ғасырдың соңында қазақ халқы үшін ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық сананың оянуы ерекше маңызға ие болды. Осы кезеңде қазақ зиялыларының ұлтты біріктіру жолында жасаған еңбектері халықты ағартуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталды. Солардың бірі – “Серке” газеті. Бұл басылым патшалық Ресейдің отаршыл саясатына қарсы тұру, ұлттық сананы ояту үшін ерекше рөл атқарған еді. “Серке” газеті – заманында жаңа ойларды, батыл ұсыныстарды көтеріп, халықты бірлікке шақырған ақпарат көзі болды. Газеттің өзі күрделі саяси ахуалда өмірге келді, бірақ сол қиыншылықтарға қарамастан, ол өзінің тарихи міндетін абыроймен орындады.

Сол кезеңдегі халық жағдайының мүшкіл екеніне көз жұмып қарап отыра алмаған М.Дулатұлы, 1907-жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде «Біздің мақсатымыз» атты мақала жариялады.

Бұл мақалада елден себепсіз жиналатын салық, шенеуіктердің көзсіз әрекеттері, дін мен дәстүрге қол сұғу, ата-бабамыздан мұра болып қалған жерді Ресей халқына үлестіру, шіркеу салу секілді мәселелер ашық көтерілген. Автор қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелейді. Ащы шындық отаршыл саясаттың көңілінен шықпай, екі нөмірі ғана жарияланған басылымды бірден жауып тастады. Себебі ілім-білімнен хабары жоқ, қарабайыр елдің жаппай ашуын туғызудан, көтерілістен қорыққан еді. Мақаладағы маңызды мәселелер халықтың шымбайына тиіп, ұлт зиялыларын қолдайтын азаматтар қатары көбейетінін түсініп, баспасөзді бұғаттап тастады. Мақалада М.Дулатов: — «...Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандарыңыздай ...чиновниктер, урядниктер кедей халықтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып, ойына не келсе соны істеді... Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды...», деп ашып айтып, Ресей бодандығына қарсы шықты. Бұл жолдардың өзінен Ресейдің бодандығы қаншалықты көрініс тауып отырғанын байқауға болады. Отарлау саясаты, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, өнер-біліміне де қол сұғып, жерін тартып алуды мақсат тұтты.(ақпарат-bugin.kz)

Газет атауының символикасы

“Серке” атауының өзі көп мағыналы. Қазақ халқында “серке” сөзі көшбасшыны, жолбасшыны білдіреді. Халықтың алдында жүрген серкенің басты міндеті – елді алға жетелеп, дұрыс бағыт көрсету. Осы ұғым басылымның идеясымен толық үндеседі. Газет сол кездегі қазақ зиялыларының көшбасшысы, халықтың ойын оятып, олардың болашаққа деген үмітін нығайту құралы болды.

«Серкенің» жариялауы былай жазылған:

«Серке»

Алаш ұранды қазақтың күзетшісі. «Серке» есімінде нағыз қазақ тілінде бір журнал шығармақ пікірдеміз. Бірінші нөмірі март ішінде шықса керек.

Алушыларға хақы: «бір жылға екі теңге, жарты жылға бір теңге 25 тиын. Бірмелеп нұсқасы он тиын».

Бұл құлақтандыру «Улфат» газетінің 1907 жылғы наурыз айының басында шыққан бірнеше санында басылған. Ал кейін, «Серке» шыққан соң, «Улфат» мынандай хабарлау басқан: «... «Серке» есімінде нағыз қазақ тілінде журнал

шығармақшы уағда қылғандығымыз мәлімдеу. Журналдың көрсеткіш нөмірі шықты.

Алушы дәфтері анықдыр...

Жазылушы «Улфат» идәрәсінде қабул алынады.»

(«Улфат», 67-сан, 28-наурыз, 1907 жыл Петербор) деген.

(ақпарат-<https://martebe.kz/>)

Тарихтағы рөлі мен маңызы

Патшалық Ресейдің баспасөзге деген қатаң бақылауына қарамастан, “Серке” газеті өзінің ұлттық идеяларын халыққа жеткізуге тырысты. Мұнда жарық көрген мақалалар ұлттық тілдің, діннің және мәдениеттің маңыздылығын көтерді. Газеттің қысқа ғұмырында оның идеялары қазақ интеллигенциясына, жас ұрпаққа зор әсер етті.

Мақалалары мен бағыттары арқылы “Серке” ұлттық қозғалыстың ақпараттық көшбасшысы болды. Оның беттерінде көтерілген мәселелер сол заманның ең өзекті тақырыптары болды: қазақтың жер мәселесі, тіл мен мәдениет мәселелері, ұлттық білім беру жүйесін дамыту.

Қазіргі Қазақстан үшін “Серкенің” маңызы:

Бүгінгі күнде “Серке” газетінің тарихи рөліне қайта оралып, оның идеяларын жаңғырту маңызды. Себебі ұлттық сананы дамыту жолында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Сол кездегі зиялылардың мақсат-міндеттері мен бүгінгі күнгі ұлттық мәселелерді салыстыра отырып, қазіргі заманғы қоғамға жаңа серпін беруіміз қажет.

“Серке” газеті бүгінгі ұрпаққа тек тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге қоғамның

рухани дамуының маңызды үлгісі ретінде де қажет. Ол бізге тәуелсіздікті, ұлттық құндылықтарды құрметтеуді және алға ұмтылуды үйретеді.

Шәкен Абылай

Сапарбек Саят

Төлеубай Абылайхан

Таскынбаева Жазира

Саякова Зылиха

Ізбасарова Гүлбаршын

1-курс студенттері

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.